

Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің м.а. 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 398-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 05 ақпанда № 9131 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 27 маусымдағы № 240-Ө бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 27.06.2014 № 240-Ө бұйрығымен.

2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 9-бабы 1-тармағының 29) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте қ а м т а м а с ы з е т с і н :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Е. Нысанбаев

Қазақстан Республикасының
Қоршаған орта және су ресурстары

Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларына қойылатын талаптары (бұдан әрі - Талаптар) 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 9-бабы 1-тармағының 29) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Талаптар да келесі анықтамалар қолданылады:

1) балық қорғайтын құрылғы (бұдан әрі - БҚҚ) - балық ресурстары мен басқа да су жануарларының су жинайтын және гидротехникалық құрылыстарға түсуін болдырмауға арналған құрылғы;

2) су тарту құрылғысы - су объектілерінен су тартуға арналған құрылғылар кешені;

3) уәкілетті орган - жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

3. БҚҚ қойылатын басты талаптар:
тиімді балық қорғау;
суды кепілді (үздіксіз) жіберу;
пайдаланудың қол жетімді құралдарында сенімді әсер ету (конструкцияның қарапайымдылығы, автоматтық әрекет).

4. Балық шаруашылығы су айдындарында орналасқан су тарту құрылғыларын БҚҚ-сыз құру және пайдалану жіберілмейді.

2. Су бөгеттері үшін балық қорғау құрылғыларын жобалауға қойылатын талаптар

5. БҚҚ жобалау кезінде ҚШЖЕ 2.06.07-87 «Тіреуіш қабырғалар, кеме қатынасты шлюздері, балық қорғау және былық жіберу құрылғылары» (бұдан әрі - ҚШЖЕ) талаптары сақталуы қажет.

6. БҚҚ жобалау сондай-ақ ғылыми зерттеу және жобалық-ізденіс жұмыстары негізінде орындалады.

3. Бөгеттердегі пайдаланылатын БҚҚ қойылатын талаптар

7. Орнатуы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісілген БҚҚ ғана пайдалануға жіберіледі.

Келісімде БҚҚ түрі және оның техникалық сипаттамалары көрсетіледі.

8. БҚҚ пайдалану ҚШЖЕ сәйкес жүргізіледі.

9. БҚҚ жеткіліксіз тиімділігі анықталған кезде пайдаланушы ұйыммен өкілетті органның аумақтық бөлімшесімен келісілген құрылыс жобасы құрастырылады. Құрылысты қайта жобалау ғылыми зерттеулер мен ұсыныстар негізінде жүзеге асырылады.

10. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің келісімісіз БҚҚ қондырғының бір түрінен екінші түріне рұқсат етілмейді.

11. БҚҚ өзінің техникалық сипаттамаларына сәйкес және барлық құрылыстық тораптары мен элементтері жұмысқа жарамды жағдайда болуы керек.

12. БҚҚ тиімділігі ҚШЖЕ сәйкес анықталады.